

«Бектемін»
 Гимназия директоры:
 Мукашева Г.О
 № 81. 29.08.2014 ж

**1-7 қыркүйек аралығында №6 Хромтау гимназиясында өтетін
 «Денсаулық апталығы» акциясының жұмыс жоспары**

№	Іс-шараның аты	Өтетін күні	Түрі	Кімдер қамтылады	Жауаптылар
1	«Денсаулық апталығы» акциясының ашылуы	1.09.2014	Салтанатты жиын	Білім алушылар, ұстаздар, ата-аналар	Мектеп әкімшілігі
2	«Мен-денсаулығымды сақтаймын-өз-өзіме көмектесемін»	Апта барысында	Денсаулық сабақтары	1-6сынып білім алушылары	Сынып жетекшілер
3	«Белсенді ұзақ өмір-жүз жасты тойлауға кепіл!»	Апта барысында	Денсаулық сабақтары	7-11сынып білім алушылары	Сынып жетекшілер
4	Көлік,жол, өмір!	1.09	Дәріс сабақтар	Бастауыш сынып білім алушылары	Жасағанбергенова Б Сынып жетекшілер
5	Дұрыс тамақтану-ұзақ өмір сүрудің кепілі	2.09	Дәріс сабақ	Бастауыш сынып білім алушылары	Хасенова А
6	Жаман әдеттер және олармен күрес	3.09	Дәріс сабақ	5-11сынып білім алушылары	Алтаев А
7	«Денсаулық калпында – рахмет жаттығуға»	3.09	Таза ауада жаттығу, көңілді ойындар өткізу	Бастауыш сынып білім алушылары	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері
8	Салауатты өмір жасасын!	4.09	Жаппай жүгіру	5-8сынып білім алушылары	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері
9	Белсенді өмір-ұзақ ғұмыр!	4.09	Мини футбол	5-8сынып білім алушылары	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері
10	Дені сау балалар!	5.09	Акция	9-11сынып білім алушылары	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері
11	Біз-зиянды заттарға қарсымыз!	5.09	Волейбол	9-11сынып білім алушылары	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері
12	Денсаулық фестивалі	6.09	Аудандық шара	Білім алушылар, ұстаздар	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері Жасағанбергенова Б

Орындаған: Жасағанбергенова Б

1-7 қыркүйек аралығында №6 Хромтау гимназиясында «Денсаулық апталығы» акциясы аясында өткен іс-шаралар туралы мәлімет



Еліміздің «Қазақстан-2030» ұзақ мерзімді даму стратегиясының маңызды басымдықтарының бірі өскелең ұрпақтың денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты болып табылады. Осы мақсатта 1-7 қыркүйек аралығында гимназиямызда «Денсаулық апталығы» өткізілді. Апталықтың мақсаты: жеткілікті дене қимылы белсенділігінің, спортпен шұғылдану, дұрыс тамақтану, тұрмыста және жолда жүріп-тұру қырларын және салауатты өмір салтының мәдениетін өскелең ұрпақ арасында қалыптастыру және әйгілендіру. Денсаулық апталығы Білім күніне арналған салтанатты жиында хабарланды. Апта барысында 1-бсыныптарда «Мен-денсаулығымды сақтаймын-өз-өзіме көмектесемін», 7-11сыныптарда «Белсенді ұзақ өмір-жүз жасты тойлауға кепіл!» тақырыптарында денсаулық сабақтары өтті. Бұл сабақтарға балалар дәрігері Алтаев Абилқасым мен медбике Хасенова Ақтенге қатысып, балаларға көптеген кеңестер берді. 1 қыркүйек күні 1сынып бүлдіршіндеріне қозғалыстың жас жол инспекторлары «Көлік,жол, өмір!» тақырыптарында әңгімелер айтып, жолда жүру ережесін мұқият сақтау керектігін ескертті.



2 қыркүйек күні медбике Хасенова Ақтенге бастауыш сынып білім алушылары үшін «Дұрыс тамақтану-ұзақ өмір сүрудің кепілі», **3 қыркүйек күні** балалар дәрігері Алтаев Абилқасым 5-11сынып білім алушылары үшін «Жаман әдеттер және олармен күрес» тақырыптарында дәрістер оқыды. Осы күні «Денсаулық қалпында – рахмет жаттығуға» ұранымен бастауыш сынып білім алушылары дене жаттығуларын жасап, «Көңілді мәре» эстафеталық ойындарын ойнады.





4 қыркүйек күні 5-8-сыныптар арасында «Салауатты өмір жасасын!» ұранымен жаппай жүгіру болып өтті.



Осы күні 5-8-сынып білім алушылары арасында «Белсенді өмір-ұзақ ғұмыр!» ұранымен мини футболдан, волейбол ойындарынан жарыстар өткізілді.



5 қыркүйек күні «Дені сау балалар» атты акция болып өтті. Акцияда балалар салқын суға жуынды.



6 қыркүйек күні «Біз-зиянды заттарға қарсымыз!» ұранымен 9-11-сыныптар арасында волейболдан жарыс өткізіліп, 7 қыркүйек күні жоғары сынып білім алушылары аудандық денсаулық күніне орай ұйымдастырылған шараға қатысты.

Орындаған: Жасағанбергенова Б.И
Тел: 27-7-47

№6 Хромтау гимназиясында Білім күніне байланысты өткізілген іс-шаралар туралы мәлімет 2014-2015 оқу жылы



Биылғы 2014-2015 оқу жылына арналған салтанатты жиын «Қазақстан-2050» Стратегиясы: бір халық - бір мүдде - бір тағдыр» тақырыбында өтті. Аталған шараға барлық ұстаздар, ата-аналар, қонақтар және білім алушылар қатысты. Аталған шараға Хромтау қаласы әкімінің Орынбасары Тая


Габдулловна мен аудандық білім бөлімінің әдіскері Есентаева Ботагөз Бақытжанқызы қатысты.



Салтанатты жиында құттықтау сөздер айтылып, бірінші сыныптың табалдырығын аттағалы тұрған бүлдіршіндер арнау өлеңдерін оқыды. Сонымен қатар дәстүр бойынша 1сынып бүлдіршіндері алғашқы қоңырауды соқты.

Салтанатты жиыннан кейін барлық сыныптарда Білім күніне арналған ашық тәрбие сағаттары өткізілді. Мақсаты-білім алушылардың азаматтық позицияларын, әлеуметтік және шығармашылық белсенділіктерін дамыту жағдайлары мен жағдаяттарын жасау, тұлғаны

жалпы адамгершілік және ұлттық құндылықтарда, еліміз және оның батырлары үшін мақтаныш сезімін, туған тілді және қазақ халқының мәдениетін, Қазақстан республикасының ұлыстары мен этникалық топтарды қадірлеуге тәрбиелеу.





Бірінші және екінші сыныптарда «Мәңгілік ел-менің арманым!», үшінші сыныптарда «Ел тағдыры-менің тағдырым», төртінші сыныптарда «Қазақстан-мәңгілік ел!», бесінші, алтыншы сыныптарда «біз қазақстандықтар-бірегей халықпыз», жетінші сыныпта «Астана-бейбітшілік пен келісім қаласы», сегізінші және тоғызыншы сыныптарда «Мәңгілік ел-біздің ұлы және лайықты Қазақстан», оныншы сыныпта «Мәңгілік ел-ата-бабаларымыздың арманы», он бірінші сыныпта «Стратегия -2050» тақырыптарында тәрбие сағаттары өтті

Орындаған: Жасағанбергенова Б.И
Тел: 27-7-47

«Бектемін»
 Гимназия директоры:
 Мукашева Г.О
 №92 06.09.2014 ж

**8-15 қыркүйек аралығында №6 Хромтау гимназиясында өтетін
 Отбасы күніне арналған іс-шаралар жоспары**

№	Іс-шараның аты	Түрі	Өтетін күні	Кімдер қамтылады	Жауаптылар
1	«Отбасы бақыты-ел бақыты»	Апталық	8-15.09	Білім алушылар, ұстаздар, ата-аналар	Жасағанбергенова Б
2	«Менің отбасым-менің қуанышым»	көрме	8.09	Білім алушылар, ұстаздар, ата-аналар	Сынып жетекшілер
3	"Отбасы -тәрбие бастауы"	Ток шоу	9.09	Білім алушылар, ұстаздар, ата-аналар	Дошанова А Әбдіқалықова А
4	«Әйел отбасы тірегі – мемлекет тірегі»	Кездесу	10.09	«Инабат» қыз балалар клубы	Жасағанбергенова Б Әбдіқалықова А
5	«Әке-асқар тау»	Кездесу	11.09	«Ұлағат» ер балалар клубы	Жасағанбергенова Б Әбдіқалықова А
6	«Отбасынан кету: реніш немесе қапалану?»	Семинар - тренинг	12.09	Сынып жетекшілер	Кушербаева А Райымкулова Г.Ж.
7	«Бақытты отбасы-бақытты ел!»	Шығармалар байқауы	12.09	Білім алушылар	Қазақ, орыс, ағылшын тілдері пәні мұғалімдері
8	«Ынтымақты отбасы»	тренинг	13.09	Дайындық сынып ата – аналары	Райымкулова
9	«Үлгілі отбасы»	Сайыс	13.09	Білім алушылар, ұстаздар, ата-аналар	Дошанова А Әбдіқалықова А
10	«Отбасынан қымбат не болуы мүмкін»	Психологиялық кеңес	Апта барысында	Ата-аналар үшін	Кушербаева А Райымкулова
11	«Біз-тату отбасымыз!»	Спорттық ойындардан жарыс	15.09	Білім алушылар, ата-аналар, ұстаздар	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері

Орындаған: Жасағанбергенова Б

